

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС ФАКУЛЬТЕТІ**



**«ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ӨНЕРІ МЕН ҚАЗІРГІ ӨНЕРТАНУ САЛАСЫН ОҚУ-  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары**  
*11 Сәуір, 2024 жыл*

**«УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО  
ИСКУССТВА И СОВРЕМЕННОГО ИСКУССТВОЗНАНИЯ»**

**Материалы международной научно-практической конференции**  
*11 Апрель, 2024 года*

**«EDUCATIONAL AND METHODOLOGICAL SUPPORT OF TRADITIONAL KAZAKH  
ART AND MODERN ART STUDIES»**

**Materials of the international scientific conference**  
*April 11, 2024*

УДК 745/749 (574)  
ББК 85.12 (5Қаз)  
Д21

**Редакциялық кеңес:**

Е.Б. Сыдықов, С.Б.Мақыш, Ж.М. Құрманғалиева, Д.Р. Айтмағамбетов, Л.Т. Нуркатова,  
Н.Г. Айдарғалиева, Е.Е. Сабитов, Т.К. Самуратова

**Д21 Дәстүрлі қазақ өнері мен қазіргі өнертану саласын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:** Халықаралық ғылыми – практикалық конференциясының материалдары (2024 жылдың 11 сәуір, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2024. – 372 б.

**ISBN 978-601-337-978-4**

«Дәстүрлі қазақ өнері мен қазіргі өнертану саласын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағына «Дәстүрлі қазақ өнері мен қазіргі өнертану саласын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету», «Дәстүрлі қолөнердің көркемдік білім берудегі өзекті мәселелері», «Жоғары кәсіби білім беру жүйесіндегі инновациялар», «Экодизайн технологиялары арқылы сәндік қолданбалы өнердің қалыптасуы», «Дизайн және жеңіл өнеркәсіп теориясы мен әдістемесі», «Дизайндағы заманауи мәселелер, жетістіктер және перспективалар», «Қазақ халқының қолөнерінің оқытудағы инновациялық жолдары мен әдіс-тәсілдері» және оларды шешу әдістері мен жолдары қарастырылған мақалалар жарияланған.

УДК 745/749 (574)  
ББК 85.12 (5Қаз)

© ЕНУ, 2024

**ISBN 978-601-337-978-4**

2. Arifani V.M., & Haryanto, H. Purchase intention: implementation theory of planned behavior (Study on reusable shopping bags in Solo City, Indonesia). /V.M.Arifani, H. Haryanto // Earth and Environmental Science, 2018. - 200(1) – С.1-6;

3. Кондратьева, К. А. Экология культуры и проблемы гуманизации дизайнерского проектирования /1993;

4. Agyeman C.M., Badugu D., Purchasing intentions of eco-friendly bags; An examination into consumers' susceptibility to social influences as a mediating variable. / C.M.Agyeman, D.Badugu //International Journal in Management & Social Science, 2017. - 5 (1) - С 359-373;

5. Dutta, K. Green Marketing-A Marketing Practice with E-Marketing /K.Dutta //Opportunities &Challenges of Contemporary & Innovative Management Practices, 2012. – 1 (1) – С.1-24;

6. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>;

7. <https://kz.nesrakonk.ru/green-marketing/>.

### **К.Б. Аманжолова, М.З. Ермаганова**

филология ғылымдарының магистрі, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ғылыми кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің меңгерушісі, Ресей

### **ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, салт-дәстүріне, сәндік қол өнеріне зор үлес қосқан Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, этнография, тарих, шығыстану, әдебиеттану, өнертану салалары бойынша көрнекті қайраткер, академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның қазақ халқының рухани, мәдени, тарихи мұраларын зерттеу нәтижесінде жазған ғылыми еңбектеріне, зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне, этнографиялық және халықтың қолөнері туралы еңбектеріне қысқаша шолу жасалынады. Сонымен қатар, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар бөліміндегі «Әлкей Марғұлан мұражайында» сақталып отырған ғалымның мемориалдық заттары туралы, жеке кітапханасындағы қолтаңбамен берілген кітаптар туралы мәліметтер беріледі.

**Кілт сөздер:** Ә.Х. Марғұлан, археология, этнография, сәндік қолданбалы өнер, жеке кітапхана, қолтаңба.

**Кіріспе.** Ұрпаққа білім беріп, ұлттық мүдде негізінде тәрбиелеуде, арғы ата-бабалар жайлы дәйек-деректерді санасына сіңіруде, жастарды тарихи мұралармен таныстырудың тәлім-тәрбиелік мәні зор.

Қазақ халқының тарихы мен әдебиетін жан-жақты зерттеп, зерделеп, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне, сәндік қол өнеріне үлкен үлес қосқан, өзінің көптеген ізденісінің нәтижесінде белгілі болған танымал тұлғаның бірі - Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, ғылымның көптеген салалары: этнография, тарих, шығыстану, әдебиеттану, өнертану бойынша көрнекті қайраткер, филология ғылымдарының докторы, Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі, Қазақ ССР ҒА академигі, профессор, Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қызметкері Әлкей Хақанұлы Марғұлан.

Оның қаламынан тарих, археология, этнография, әдебиет және өнер салаларына қатысты ондаған кітап, үш жүзден астам ғылыми танымдық, жүзден астам энциклопедиялық мақалалар жарық көрді. Ғалымның еңбектері Қазақстан Республикасының ғылыми, мәдени, әдеби мұрасы болып табылады.

**Зерттеу нәтижелері.** Әлкей Хақанұлы 1925 жылы М.О. Әуезовтың ақыл кеңесі бойынша Ленинградтағы Шығыс институтының әдебиет факультетінің түркология бөліміне оқуға түсіп,

Орта Азия тарихы мен археологиясы жайында шығыстанушы ғалым В.В. Бартольдтің, түріктанушы Е.Э. Бертельстің, арабтанушы И.Ю. Крачковскийдің, эпостанушы В.М. Жирмунскийдің, академиктер Л.В. Щербаның, Е.В. Тарленің, Б.М. Эйхенбаумның т.б. белгілі ғалымдардың лекцияларын тыңдап, еңбектерімен танысады. Ленинградтың бай мұрағаттарынан қазақ халқының мәдениеті мен тарихы бойынша архивтік материалдарды жинаумен шұғылданады. Туған халқының тарихына ден қойған, зерттеу жұмыстарын оқып жүрген кезінде бастаған Әлкей Марғұлан оқуын бітіріп елге келгеннен кейін бейнеті мол, көп ізденуді қажет ететін сауапты істі одан әрі жалғастырып, Оңтүстік Қазақстандағы Сырдария, Шу, Талас өзендерінің бойында және көне Отырар, Тараз, Сайрам және Сығанақ қалалары орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, ежелгі қала мәдениетінің іздерін зерттеді. Оның негізінде көне Қазақстандағы барлық қала өркениеті мен негізгі сауда орталықтарына жан-жақты ғылыми сипаттама, терең талдау жасалған «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана» атты монографиясын жариялады. Бұл еңбек Орта ғасырлық Қазақстанның, нақты айтқанда, Жетісудан Оралға дейінгі қалалар жөніндегі бірінші еңбек болды. Осы еңбегінде ғалым: «Оңтүстік Қазақстандық экспедиция кезінде анықталған Отырар мен оның айналасындағы қалашықтар қалдықтарын сипаттай отырып, қоғамдық және тұрғын үйлердің қираған құрылыстарына қарап, VI-VIII ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанда қалыптасқан қоныстарды алты түрге бөлді: сауда және қолөнер қоныстары, әскери қамал, керуен сарайлар, жер шаруашылық қоныстары. Мұндай қоныс түрлері бір-біріне құрылыс техникасы жағынан ұқсас болғанмен, салу жоспарлары мен өлшемдерінде айырмашылықтар болғанын атап айтты» [1,35]. Қазақстандағы құрылыс өнерінің даму тарихы да аталған еңбекте қамтылған.

Академик Ә. Марғұлан Орталық Қазақстанның көне дәуірдегі мәдениетін, салт-дәстүрін зерттеу саласында көп жұмыс жүргізді. 1966 жылы жазылған «Ежелгі мәдениет куәлары» атты жинаққа жазған кіріспе мақаласында: «Тегінде Азия мен Қазақстанды Оңтүстік Сібірді қоныстанған ежелгі тайпалардың өркендеу тарихы орасан қызық. Ол кездегі тайпалар мыс, алтын, күміс қорытуды жақсы біліп, одан неше түрлі қару-жарак, әдемі бұйым, әшекей дүниесін шығара білген. Бұл қола дәуірінде қалыптасқан өрнек нақыстары бергі кезге дейін ұмытылмайды, оның әуендері ежелгі тайпалар арқылы бірден бір ауысып, ең соңында қазақ халқының өнеріне негіз болып шығады», - деп жазады [2, 4].

Ә. Хақанұлының ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарында бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Ұзақ жылғы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде К.А. Ақышев, М.К. Қадырбаев, А.М. Оразбаевтармен бірге Орталық Қазақстанда жүргізілген археология қазба жұмыстарының қорытындысы саналатын, ежелгі металлургия, отырықшылықтың мәдениеті туралы тың деректер мен жаңа фактілер келтірілген «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» [3] атты ғылыми-зертханалық еңбегін жазып, кітаптың редакциясын басқарды. Бұл кітаптың құндылығы жоғары бағаланып, оны авторларына Ш. Уәлиханов атындағы Қазақ КСР Ғылым академиясының сыйлығы берілді.

Ә. Марғұлан 1946-1951 жылдарға аралығында Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімін басқара отырып, Қазақстанда этнография ғылымының дамуына зор ықпал жасады. Этнографиялық зерттеудің өзекті мәселесі ретінде жаңа кеңестік мәдениет пен тұрмысты қалыптастырудағы қазақ жұмысшы табының ролін айқындау мақсатында, сол кездегі колхозды ауылдың және қазақ жұмысшыларының мәдениеті мен тұрмысы алынды. Бұл мәселені зерттеудегі басты бөліктің бірі – қазақ халқының материалды мәдениетінде, баспана мәселесінде, киім-кешек, ыдыс-аяқ, тамаққа байланысты өзгерістерді зерттеу. Бұл өзгерістер қазақ колхозды ауылының тұрмысы мен мәдениетін зерттеген этнографтардың ұжымдық «Культура и быт казахского колхозного аула» [4] атты монографиялық еңбегінде қарастырылады.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан Шоқан Уәлиханов еңбектерін іздестіріп, қалпына келтіру, жариялау жолында көп еңбек етті. Өмірінің ең ұтымды сәттерін Шоқанның өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арнаған ғалым талмай еңбек етіп, ізденуінің нәтижесінде оның

таңдамалы шығармаларын және Ш. Уәлихановтың ғылыми мұраларын жинайтын топқа басшылық ете отырып, бес томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарады. Архивтерден Шоқанның қаламынан туған 300-дей шығармасын тауып, оған ғылыми редакция жасап, Шоқан өмірін нақтылы болмыс шындығымен, тарихи-әлеуметтік тұлғасымен біртұтас қалпында танытатын өмірбаяндық кітап жазып, қолжазбасын қалдырды.

Ә. Марғұлан қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы ғылыми зерттеу ісінің дамуына үлес қосты. Қырғыз эпосын дүние жүзіне алғаш таныстырған Ш. Уәлиханов, кеңес заманында зерттеу жүргізген М. Әуезов болса, осы дәстүрді Ә. Марғұлан жалғастырып, «Шоқан және Манас» [5] атты монографиясын жазды. Ол эпостағы өмір шындығы, жырдың шығу тегі, кейіпкерлері мен көркемдік кестесі, манасшылардың жырды жетілдірудегі қызметі туралы ғылыми маңызды пікірлер айтты.

1959 жылы Ә. Марғұлан «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» [6] деген еңбегінде қазақ халқының эпикалық жыр дәстүрін дамытқан ақындарға, сал-серілерге тоқталып, олардың сөз өнеріндегі орнын анықтайды. Бұл еңбек ғылыми-танымдық тереңдігімен ерекшеленеді, онда көне ойшылдардан бастап Жанак, Шөже, Арыстанбай, Марабай, Сүйінбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Иса сияқты ақындар шығармалары талданады.

Ә. Марғұланның этнография саласындағы еңбектерінің ішінде ерекше аталатын үш томдық «Казахское народное прикладное искусство» [7] атты еңбегінде Москва, Санкт-Петербург, Омбы музейлерінде Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік музейінде, Ә. Қастеев атындағы Өнер музейлерінде сақталған небір асқан шеберлікпен жасалған қазақ шеберлерінің керемет туындыларын, суреттерін келтіріп, әсем суреттеген. Осы еңбектің екінші томын киіз үй және оның жабдықтарына арнап, киіз үйдің керегесі мен уығын, кебеже, жүк аяқ, сандық, кереует сияқты үй жабдықтарын ағаш пен сүйектен ою әдістерімен таныстырады. Қазақтың ою-өрнегіне тоқталып оның қыры мен сырын ашады. Көне дәуірден мұра болып жеткен қазақ шеберлерінің игерген кәсібінің бірі киіз басу мен тері өңдеу екенін айта келіп, теріден қорамсақ, кісе белбеулер, көнек, торсық секілді ыдыс-аяқ түрлерін, аяқ киім ертоқым, тебінгілер, ат әбзелдерін жасау жолдарымен таныстырады. Ғұлама ғалым кең байтақ Қазақстанның әр аймағында кездесетін ер-тұрмандардың өз ерекшеліктерін суреттеді. Шашырап жатқан сан ғасырлық мұраларды, замана айғақтарын типологиялық және нақтылы тарихи аспектіде зерттеп, халықтың игілігіне айналдырды. Қазақ сәндік қолданбалы өнерінің энциклопедиясы іспетті бұл еңбек ұлттық өнерімізді ұрпақтарымызға жеткізіп, оларға эстетикалық тәрбие беріп келеді.

Марғұлан зерттеулерінің бір саласы түрлі тарихи кезеңдердегі архитектуралық жүйемен салынған ежелгі ескерткіштер және оларды салыстыру арқылы ғылыми деректерді жинауға бағытталған. Қазақтың ұлан-ғайыр даласы ежелгі ескерткіштерге кенде емес. Киелі мекендер, мазарлар мен археологиялық кешендер атақты байлар мен билер, елін жаудан қорғаған батырлар мен хан-сұлтандар жайлы шежіре айтып сыр шерткендей көрініс береді. Ол зерттеу нысанасына ежелгі әрқилы сәулет ескерткіштерін ала отырып, қола және ерте темір дәуірлеріндегі Бегазы, Беласар, Саңғуыр сияқты бірегей археологиялық ескерткіштерді ашқан.

Орталық Қазақстанда қола дәуіріне тиесілі аса маңызды Бегазы-Дәндібай мәдениетінің феноменін аша отырып, Сарыарқаның ежелгі тұрғындарының ғажайып туындылары шоғырланған осы дара мәдениетті зерттеді. Оның негізгі жетістігі Қазақстанды кейбір зерттеушілер айтқандай тіршіліксіз дала, уақыт өте кейбір көшпенділердің жолы ғана түйісетін аймақ деген тұжырымын жоққа шығаруы болды. Осы зерттеулері «Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана» [8] еңбегіне топтастырылды. Онда көрсетілген ауқымды мавзолейлер, ежелгі кеншілер мен металлургтердің мекендері, біздің заманымызға дейін сақталған қола бұйымдар соның дәлеліндей.

Ә. Марғұланның қоғамдық өмірдегі және ғылымдағы үлкен еңбегі жоғары бағаланып, ол Ленин және Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

**Ә. Х. Марғұлан мұрасы.** Академик Ә.Х. Марғұланның еңбектері Қазақстан Республикасының баға жетпес ғылыми, мәдени, әдеби мұрасы болып табылады.

Қазақ халқының рухани, мәдени, тарихи мұраларын зерттеу нәтижесінде жазған ғылыми еңбектері, зерттеу жұмыстарының нәтижелері, этнографиялық зерттеулері, көне және орта ғасыр сәулет өнеріне арналған зерттеу еңбектері, халықтың қолөнері туралы, Орта Азия көшпенділері жайлы жазған басқа да еңбектері Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар бөліміндегі «Әлкей Марғұлан мұражайында» сақталып отыр. Бұл асыл мұраны 2004 жылы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығына ғалымның қызы Дәнел Әлкейқызы әкеліп тапсырған болатын. Мұражай ғалымның өмірі мен шығармашылық қызметі арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында ашылған болатын.

Мұражайда ғалымның көзі тірісінде пайдаланған үлкейткіш әйнек, компас, әмиян, фотоаппарат, экспедицияға шыққанда ұстаған сөмкесі, бас киімі, қолғабы тағы басқа бұйымдары бар. Бұл бұйымдар кішкене ғана зат болғанымен, тарих үшін, болашақ үшін өте құнды болып есептелері сөзсіз. Ғалымның жас кезіндегі Ғылым академиясында, «Беласар», «Сангуру» т.б. экспедициялық жорықтарда түсірілген, демалыс кезінде отбасымен бірге түскен суреттері де оқырман қызығушылығын танытады. 1926 жылы Ахмет Байтұрсыновпен, Міржақып Дулатовпен, Жүсіпбек Аймауытовпен, Мұхтар Әуезовпен бірге түскен, Алаш арыстарының бірі Әлихан Ермековпен, академик Қ.И. Сәтбаевпен бірге түскен құнды фотосуреттері өткен күн тарихынан сыр шертеді.

«Мұражайда сақталған ғалымның жеке кітапханасында өзі пайдаланған 1300 дана басылым бар. Ғылыми жұмыстарын, шығармашылығын ғылымның бір ғана саласымен шектемей жан-жақты салыстыра, ұштастыра зерттеуді мақсат тұтқан ғалымның археология, шығыстану, этнография, тарих, өнертану т.б. ғылым салалары бойынша пайдаланған кітаптары оның айғағы іспетті. Олардың көпшілігі қазақ және орыс тілінде. Неміс, ағылшын, қытай тіліндегі кітаптар да кездеседі» [9, 25].

Ә. Марғұланның жеке кітапханасында құндылығы жоғары сирек кездесетін кітаптар да сақталған: Рау П. «Курганные погребения Римского времени в Нижнем Поволжье» (1927), Массон М.Е. «Проблема изучения цистерн-сардоба» (1935), Гинзбург В.В. «Горные Таджики» (1937), Жирмунский В.М. «Узбекский народный героический эпос» (1947), Дадашев С.А. «Архитектура Азербайджана» (1948), Юшков С.В. «Общественно-политический строй и право Киевского государства» (1949), Сальников К.В. «Древнейшие памятники истории Урала» (1952), Құнанбаев А. «Өлеңдер» (1954), Ерзакович Б. «Қазақстанның халық әндері» (1955), Пугаченкова Г.А. «Мечеть Анау» (1959), «Киргизско-русский словарь» (1965) т.б.

Сондай-ақ кезінде өзі араласып, сыйласқан, қызметтес болған отандық және шетелдік танымал ғалымдардың қолтаңбаларымен сыйға берілген кітаптар да ерекше құнды болып табылады. Олардың бірнешеуіне тоқтала кететін болсақ:

Көрнекті ғалым библиограф, ұлттық библиографияның негізін салушы, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Үшкілтай Сухбанбердина 1964 жылы Ә. Х. Марғұланның жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғайды. Ә. Марғұлан қорында ғалымның құрастыруымен 1976 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «**Ғашық-наме**» кітабының форзацында мынадай қолтаңба берілген: *«Асыл аға, әр уақыт қамқоршы болған, аяулы – Әлкей Хаханович! Сізді ақ ниетпен құрмет тұтушы Үшкүлтай Сухбанбердинадан. Ноябрь 1976 жыл. Алматы. Қолы қойылған».*

Қазақ музыкасын зерттеуші, көрнекті ғалым, композитор, қазақ музыкасы туралы бірнеше монография мен оқу құралдарының авторы Ахмет Қуанұлы Жұбановтың «Құрманғазы Сағырбаев: өмірі мен творчествосы» (1960) атты кітабының титул парағына жазып қалдырған қолтаңбасы: *«Қадірлі аға, көркемөнер ғылымының ағасы, ұстазым Әлекеңе – інісінен. Қолы қойылған. 12.01.60».*

Қазақ музыка өнерінің тарихы туралы іргелі еңбектердің авторы Борис Гирзевич Ерзаковичтің 1955 жылы баспадан шыққан «Қазақстанның халық әндері» атты кітабының титул парағында берілген қолтаңба: *«На память Глубокоуважаемому Алькею Хакановичу Маргулану. Б. Ерзакович қолы. 28.IX.55 г.».* Аталған автордың 1966 жылы баспадан шыққан «Песенная культура казахского народа» атты кітабында берілен қолтаңба: *«На добрую память*

*Алькею Хакановичу Маргулану в знак уважения и признательности. Автор. Қолы қойылған. 5 февраль 1966 г.».*

*«Құрметті ғұлама Әлеке, бала кезде, балғын кезде Сізбен бір мектепте сабақ оқығанымды мен әрқашан мақтан етем. Ұзақ өмір, мықты денсаулығыңа тілектеспін. Осы еңбектің жазылуына Сіздің мұхиттай мол білімпаз еңбектеріңіз негіз болды. Ол үшін мәңгілік қарыздармын. Бұл еңбегім өте қарапайым болса да, шәкірт күннен бергі силастығымыздың ескерткіші болсын. Автор – Садық. Қолы қойылған. 10/X-69 ж.».* – бұл қолтаңбаны ҚазССР Журналистер одағының мүшесі, этнограф, педагог Қасиманов Садық «Қазақстан» баспасынан 1969 жылы басылып шыққан «Қазақ халқының қолөнері» атты кітабын сыйға бергенде жазып қалдырған екен.

Әлкей Марғұланның тағы бір досы лингвист, әдебиеттанушы, СССР Ғылым академиясының академигі Жирмунский Виктор Максимович өзінің «Сказание об Алпамыше и богатырская сказка» атты кітабының форзацында: *«Алькею Хакановичу Маргулану с дружеским приветом. Ленинград. 18.III.1960»* деп қолтаңба қалдырыпты.

Қырғыз ғалымы Жээнбай Мукамбаевтың 1972 жылы баспадан шыққан «Диалектологический словарь киргизского языка» атты кітапта қалдырған қолтаңбасы: *«Қарырлуу академик Алкей Хакановичке! Сізді сыйлап, белекке жиберем. Автор қолы. 10/VII.1972».*

Өзбектің атақты ғалымы археолог Гулямов Яхья Гулямовичтің құрастыруымен 1966 жылы баспадан шыққан «Первобытная культура и возникновение орошаемого земледелия в низовьях Зарафшана» (1966) деген кітабының титул парағында берілген қолтаңба: *«Мухтарам ағамыз А.Х. Марғұланға біз авторлардан арзимас хадья. Қолы қойылған».*

Өзбек археологы М.Е. Массонның «Проблема изучения цистерн-сардоба» (1935) атты кітабының титул парағында берілген қолтаңба: *«Трудолюбимому исследователю Казахской ССР Алькей Хакановичу Маргулану от автора».*

Қарақалпақ ғалымы, тарихшы Камалов Сабит Камаловичтің «Қарақалпаки в XVIII-XIX веках» атты кітабының форзацындағы қолтаңба: *«Глубокоуважаемому Алькей Хакановичу от автора. 3.03.1969. Қолы қойылған».*

Шетел қазақтарынан шыққан зиялы азамат, филология ғылымдарының докторы Қалиасқарұлы Қабидаш «Баян өлгий қазақтарының ауыз әдебиеті» кітабын сыйға бергенде мынадай қолтаңба қалдырыпты: *«Қазақ Совет ғылымының ақсақалы, ардақты Әлкей Марғұланға тәліміне тәнті Монғолиялық інісі Қабидаш Қалиасқарұлынан. Алматы. 1973.10 январь».* Қолтаңбалар қысқа түрде жазылғанмен қолтаңба беруші кітап авторларының Әлкей Хаканұлымен байланысын, көзқарасын, алғысы мен сыйластығын айқындап отыр.

Мұражайда ғалымның қолжазбаларының түпнұсқалары, қойын дәптерлері, ғылыми зерттеу экспедицияларының жазбалары, оның ішінде «Беғазы мәдениеті» монографиясының қолжазбасы, «Поэзия туралы. Аристотель» конспектісі, «БКП(б)-ның қысқа тарихы» конспектісі, хаттар, құттықтаулар, телеграммалар, отгисктер, газет-журнал материалдары, карталар бар. Бөлім қызметкерлері ғалымның мұрасын насихаттау мақсатында ғылыми конференциялар, экскурсиялар ұйымдастырып, кітап көрмелерін қойып, баспасөз беттерінде мақалалар жариялап отырады. Мұражайдағы ғалымның жеке кітапханасы электрондық каталогқа енгізілген.

**Қорытынды.** Қазақстандық этнограф, археолог, тарихшылардың бірнеше буынын даярлап артында өшпес із қалдырған Әлкей Марғұланның мол мұрасы қазіргі тарих ғылымында, жалпы мәдениетімізде болып жатқан іргелі өзгерістермен үндес, болашаққа қызмет жасайтын ұлтымыздың рухани байлығына жатады. Бұнда сақталған әрбір кітаптың, әрбір заттың тарихы бар. Бұл құнды материалдардың әрқайсысы болашақтағы жас ғалымдар үшін үлкен зерттеулерге негіз болатыны анық.

## Әдебиеттер

1. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1950. – 122 с.

2. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет куәлары: ғылыми-көпшілік мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1966. – 212 б.
3. Марғұлан Ә. Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті / Ә. Марғұлан, К. Ақышев, М. Кадырбаев, А. Оразбаев. - Алматы: Ғылым, 1966. - 435 б.
4. Культура и быт казахского колхозного аула / ред. акад. А.Х. Маргулан и канд. ист. наук В.В. Востров. – Алматы: Наука, 1967. – 303 с.
5. Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас»: «Манас» жырының Шоқан жазып алған нұсқасы туралы зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1971. – 164 б.
6. Марғұлан Ә. Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері. – Алматы, 1959.
7. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т. 1. –Алма-Ата: Өнер. - 1986. - 256 с.
8. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1979. – 335 с.
9. Аманжолова К.Б. Личная библиотека академика А. Маргулана как культурно-историческое наследие // Румянцевские чтения – 2018: материалы Международной научно-практической конференции (24-25 апреля 2018). Ч.1. – Москва: Пашков дом, 2018. – С. 24 - 27.

### **Ш.Б. Карпашарова**

*. Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру 2 курс студенті. Ө. Сұлтангазин атындағы педагогикалық институты*

## **ДИЗАЙН ЖӘНЕ ЖЕҢІЛ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ**

Дизайн – (ағылшынша design – жоба, жобалау, сызу, жоспар сурет) көркем сурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіруші шараларын қамтитын бағытының атауы. Дизайн қызметінің ерекшелігі-әсем әрі көркем жасалған тұтыну заттары мен бұйымдарының қоршаған ортаға лайық үйлесімін жүзеге асырып, ұдайы олардың жаңа үлгілерін ойлап табу.

Дизайн тарихы ХХІ – ғасырдың басында басталды. Сондықтан оның тарихы өте қысқа. Дизайн өнері адамдарды әдемілікке, қолайлыққа ұмтылуларының шыққан. Ал, жақсы өмір сүруге адамзат пайда пайда болғаннан бері ұмтылып келеді. Сол себепті дизайн өнері ХХ – ғасырда басталғанмен, оның тарихын өте ертеден іздеу керек. ХХ – ғасыр техника мен ғылымның өркендеп даму ғасыр болады. Ғылым мен техниканың дамуы дизайн өнерін дамытты. Алғашқы дизайнер мамандарды даярлайтын жоғарғы мектеп 1919 ж Германияда ашылды. Ол «баухаз» деп аталады. Бұл мектепте сәулет өнері шеберлері сабақ береді. Ғылыми тұрғыдан дизайнның пайда болуы 1928 жылы, ал оның отаны АҚШ болып есептеледі. Осы уақытқа дейін бірнеше дизайн фирмалары қолып қайта құрылды. Ресейде жоғары көркем – техникалық шеберханалар 1920 жылдардан бастап құрылды. Алғашқысы Мәскеудегі мемлекеттік жоғары көркем техникалық шеберханалары болды. Кейіннен осы шеберхана институт болып қайта құрылды. Дизайн бірнеше түрге бөлінеді: олар

- көлік құралдарын жобалау (көлік ұшақтары, су кемелері, автомобилдер т.б.)
- тұрмыс бұйымдарын электр аспаптары, ыдыс, жиһаз, киімді т.б. жобалау.
- интерьер және экстерьер дизайн;
- жарнама дизайн;
- фото дизайн.

Дизайн – бұл шығармашылық іс. Бұл деген өнеркәсіптік саланы көркемдік- техникалық жағынан жетілдіру, адам қызметінің түрлі салалары – техника, инженерия, өнер, архитектура, әлеуметтану, экономика, тағы басқаларының жетістіктерін өзіне үйлестіре отырып, мінсіз, эстетикалық жоғары сапалы туындылар, бұйымдар мен тың идеяларды ойлап табуға бағытталған ерекше мамандық. Айналамызды қоршаған заттар мен қолданыстағы